

Н.Ә. Алдабек , **А.А. Түргенбай*** , **М.Б. Асыл** 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: turgenbayaa@mail.ru

МОДЕРНИЗАЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚЫТАЙДАҒЫ НЕКЕ ЖӘНЕ ОТБАСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қытайдың қарқынды экономикалық дамуымен және урбанизация үдерісімен сипатталатын модернизация үрдісі отбасы мен некенің дамуына үлкен өзгерістер әкелді. Отбасы және неке институтының қазіргі жағдайы жаһандық сипаттағы сын-қатерлердің қатарына жатқызылады. Отбасы іргелі әлеуметтік институттың бірі болып табылатындықтан және оның өзгеру үдерісі елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына тікелей әсер ететіндіктен отбасы және неке мәселелерін зерттеудің өзектілігі жоғары. Мақаланың мақсаты әртүрлі дереккөздерді пайдалана отырып Қытайдағы неке және отбасы институтының модернизациясы мен соның салдарынан пайда болған проблемалары арасындағы байланысты экономикалық, әлеуметтік және мәдени контекст шеңберінде талдау болып табылады. Мақалада отбасын микро және макродеңгейде зерттеу әдістемесін қолдану негізінде урбанизацияның отбасы құрылымына тигізген әсерінен бастап әйел рөлінің эволюциясына дейінгі қазіргі Қытайдағы отбасы мен неке бейнесін қалыптастыратын қиындықтар мен мүмкіндіктер жан-жақты қарастырылады. Теориялық және әдіснамалық тұрғыда отбасы дағдарысы талданып, Қытайдағы неке-отбасы қатынастарының даму келешегі сараланады. Сондай-ақ мақалада отбасын құрудағы үкіметтің рөлі мен әлеуметтік қолдау көрсетудегі отбасының негізгі қызметі де сөз болады. Зерттеу нәтижесінде модернизация мен демографиялық үдерістердің қарқынды дамуы Қытайда дәстүрлі қоғамның белгілері мен жаңа үрдістер қатар өмір сүретін «өтпелі» отбасын қалыптастырғандығын байқауымызға болады.

Түйін сөздер: Қытай, конфуцийшілдік, неке және отбасы, модернизация.

N.A. Aldabek, A.A. Turgenbay*, M.B. Assyl
Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
*e-mail: turgenbayaa@mail.ru

Marriage and family issues in China in the context of modernisation

The modernization process in China, marked by swift urbanization and economic growth, has brought about significant changes in the dynamics of marriage and family. One of the issues facing the family and marital institutions today is their global status. The fact that the family is a key social institution and that changes to it directly affect the nation's socioeconomic development determines the significance and applicability of research on family and marriage issues. The article's main purpose is to analyze, using a variety of sources, how modernization and the emergence of marital and family issues in China relate to one another within an economic, social, and cultural framework. Using a micro- and macro-level family research methodology, this article provides a comprehensive examination of the challenges and opportunities shaping the landscape of family and marriage in contemporary China, from the impact of urbanization on family structure to the evolving role of women. The article examines the family crisis from a theoretical and methodological standpoint and describes the opportunities and challenges facing Chinese marriage and family life. The role of the government in the formation of the Chinese family and the main functions of the family in providing social support are also discussed. As a result of the study, it can be clearly observed that the rapid pace of modernization and demographic processes have created a so-called 'transitional' family in China, in which new trends coexist with old traditions.

Key words: China, confucianism, family and marriage, crisis, modernization.

Н.Ә. Алдабек, А.А. Түргенбай*, М.Б. Асыл

Казахский Национальный Университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: turgenbayaa@mail.ru

Актуальные проблемы семьи и брака в Китае в контексте модернизации

Процесс модернизации в Китае, характеризующийся быстрым экономическим развитием и урбанизацией, привел к глубоким трансформациям в динамике семьи и брака. Современное состояние института семьи и брака относится к числу вызовов глобального характера. Важность и актуальность исследования проблем семьи и брака определяется тем, что семья является основополагающим социальным институтом и процесс его трансформации имеет прямое влияние на социально-экономическое развитие страны. Основной целью статьи является, используя различные источники, провести анализ взаимосвязи между модернизацией и возникшими проблемами института брака и семьи в Китае в экономическом, социальном и культурном контексте. Используя методологию исследования семьи на микро- и макроуровне в этой статье дается всестороннее рассмотрение проблем и возможностей, формирующих ландшафт семьи и брака в современном Китае – от влияния урбанизации на структуру семьи до эволюции роли женщин. В теоретико-методологическом плане анализируется кризис семьи и обозначаются перспективы развития брачно-семейных отношений в Китае. Также обсуждается роль правительства в формировании китайской семьи и основные функции семьи в обеспечении социальной поддержки. В результате исследования можно ясно заметить, что быстрые темпы модернизации и демографические процессы создали в Китае так называемую «переходную» семью, в которой новые тенденции сосуществуют с признаками традиционного общества.

Ключевые слова: Китай, конфуцианство, семья и брак, модернизация.

Кіріспе

Реформа жылдарындағы Қытайдың қол жеткізген экономикалық жетістіктері зерттеушілердің қызығушылығын тудыратын жалғыз мәселе емес. Елдің бай мәдени және тарихи мұрасы да әлем ғалымдарының назарын өзіне аудартуда. Әлеуметтік модернизация үдерісіне белсенді тартылған, трансформация үрдісі қатты байқалатын Қытайдың отбасы мәселесі де академиялық органың назарынан тыс қалған емес. Өйткені отбасы белгілі бір қоғамды жаңғырту жолының маңызды көрінісі бола алады. Сан ғасырлар бойы Қытай қоғамында некенің тұрақтылығына және патриархалды отбасылардың басымдығына аса мән берілген. Алайда, 1978 жылы басталған экономикалық реформалар Қытайды бірқатар әлеуметтік және экономикалық өзгерістерге ұшыратты. Көптеген зерттеушілер аталмыш өзгерістер Қытайдағы неке және отбасы институтына модернизация теориясы тұрғысынан қаншалықты әсер етті деген сұраққа жауап іздеуде.

Ұлттық модернизацияға қатысты салыстырмалы зерттеулерді жүргізгенде қоғамның дәстүрліден заманауи сипатқа өзгеру жолдарын айқынырақ көрсету мақсатында отбасы жиі қолданылады. Мұндай зерттеулерде көбінесе әртүрлі қоғамда қалыптасып, өмір сүріп жатқан отбасылар жалпы, ғаламдық деңгейде батыстың отбасылық моделіне сәйкес өмір сүре ме, әлде,

керісінше модернизация үрдісі барысында өзіндік, ұлттық ерекшелігін сақтап қала ма деген мәселелер басты орында тұрады.

Модернизация теориясы отбасындағы өзгерістерді ғылым мен техниканың жетістіктерімен және индустриалды қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуымен байланыстырып түсіндіруге тырысады. Модернизация отбасы құрылымына, көзқарастарына, құндылықтары мен нанымдарына әсер етеді. Адамдар мобильді болған сайын, қоғам – қалалық, ал отбасылар нуклеарлы отбасыға айналады. Кез келген қоғамда өзгерістің орын алары хақ, дегенмен ол әр қоғамда әртүрлі қарқынмен жүруі мүмкін (Xu Anqi et al, 2014).

1978 жылы басталған экономикалық реформалар Қытайдың жаңа тарихындағы бетбұрыс кезең болды. Нарықтық қатынастың қалыптасуы мен өкіметтің экономикалық даму бағытындағы өзгерістері Қытайдағы неке мен отбасына ерекше әсер етті. Қытай отбасыларының құрылымы мен қарым-қатынасында айтарлықтай өзгерістер орын алды. Бір жағынан, классикалық модернизация теориясы тұрғысынан қарағанда, қарқынды экономикалық өсім, индивидуалистік көзқарастардың барған сайын күшеюіне әсер етті де, қытайлардың «заманауи отбасы» үлгісін қабылдауына итермеледі. Екінші жағынан, мемлекет әлеуметтік инженерияның маолық үлгісінен бас тартқандықтан, отбасылық өмір-

дің дәстүрлі үлгілері белгілі бір дәрежеде қайта жанданды. Осылайша, Қытайдағы жағдай модернизация теориясы болжағаннан әлдеқайда күрделі болып шықты (Qi Xu et all, 2014)

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері.

Қытайдағы отбасы мен некенің заманауи мәселелерін зерттеу Қытай қоғамында болып жатқан үрдістерді, оның даму болашағы мен үдерістерін түсіну үшін ерекше маңызды болып табылады. Әлеуметтік-экономикалық дамудың қарқыны аталмыш әлеуметтік институтта үлкен өзгерістердің бой көтеруіне алып келді. Отбасы ұйымының қызмет ету ерекшеліктері өз кезегінде ҚХР-да жүргізіліп жатқан саяси және экономикалық қайта құрулардың қарқынына, сипатына және нәтижелеріне ерекше әсер етуде.

Соңғы зерттеулерге сәйкес, Аспан асты еліндегі отбасылық-некелік қатынастардың динамикасына келесідей тенденциялар тән: неке деңгейінің төмендеуі, отбасы көлемінің азаюы, нуклеарлы отбасы санының артуы, гендерлік рөлдердің өзгеруі, баламалы отбасы түрлерінің кең таралуы, туу көрсеткішінің төмендеуі, ажырасу санының артуы. Бұл үрдістер келешекте елдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына қауіп төндіруі мүмкін, сондықтан мемлекет пен қоғам тарапынан тиісті шараларды қабылдауды талап етеді. Қоғам жаңарып, отбасының функциялары өзгерген сайын құндылық көзқарастар да бірте-бірте өзгеруде. Реформа жылдарындағы Қытайдың құндылық идеяларындағы, идеологиялық постулаттарында, экономикалық жағдайы мен әлеуметтік құрылымында орын алған елеулі өзгерістер отбасы және неке институтының қызметіне де әсер етті. Осындай отбасы-неке қатынастары саласында орын алып жатқан модернизациялық өзгерістер ғылыми ортаның қызығушылығын тудырары хақ. Бұл саладағы зерттеулер отандық ғылым үшін өте маңызды, өйткені ол көрші мемлекеттің даму векторын, оның модернизация дәрежесін бағалауға және мемлекет тарапынан отбасы мен неке дағдарысын еңсеру бойынша қабылданған шаралармен танысуға мүмкіндік береді. Өйткені демографиялық, әлеуметтік-мәртебелік мен отбасылық-некелік қатынастардағы құрылымдық өзгерістер қазақ қоғамына да тән мәселелер. Жаһандану жағдайында әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси дамудың күрделенуі мен жеделдеуіне байланысты отбасы мен неке мәселелерінің өзектілігі де арта түсуде.

Мақаланың мақсаты – модернизация үдерісі жағдайында Қытайдағы отбасы-неке қатынаста-

рының негізгі тенденциялары мен мәселелерін талдау. Осы мақсат негізінде алдымызға Қытайдағы неке мен отбасының қазіргі көрінісін сипаттау, өзгерістерге талдау жасау және Қытайдағы неке және отбасы институтының тұрақтылығына төнетін ең басты сын-қатерлер мен қауіптерді анықтау сияқты міндеттерді қойып отырмыз.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Отбасы мәселесі пәнаралық сипатқа ие және тарихшы, философ, әлеуметтанушылар мен демографтардың ерекше назарындағы мәселе. Отбасын микро және макродеңгейде зерттеу әдістемесі қазіргі қоғамда болып жатқан үдерістердің отбасын өзгертуге әсерін зерттеуге мүмкіндік береді. Қазіргі отбасын әлеуметтік институт, әрі шағын әлеуметтік топ ретінде қарастыру арқылы қоғамдағы дағдарыстық құбылыстардың оған тікелей әсер етіп, оның мәнін өзгерткендігін байқай аламыз. Мақаланы жазу барысында құрылымдық-функционалдық, динамикалық және салыстырмалы-мәдени сияқты ғылыми әдістер қолданылды, бұл отбасы және отбасылық қатынастар институтындағы өзгерістердің ішкі логикасын ашуға мүмкіндік берді. Қоғамдағы отбасы-неке қатынастарының даму динамикасы әлеуметтік детерминация принципі негізінде қарастырылады, бұл отбасы функцияларының эволюциясының шарттылығын және қазіргі Қытай қоғамының трансформациясын байқауға мүмкіндік берді.

Әдебиетке шолу

Қытайдың жаңа тарихында орын алған бірқатар әлеуметтік және мәдени өзгерістерді көптеген ғалымдар зерттеген. Дегенмен, көп жағдайда бұл өзгерістер тарихи тұрғыдан салыстырмалы қысқа мерзім ішінде орын алған ауқымды өзгерістерді немесе ел экономикасының қарқынды дамуын көрсету мақсатында ғана жүзеге асырылған жалпы зерттеулер мен жарияланымдар болды. Бұл бөлімде біз әдетте жалпы отбасы классификациясы мен типологиясын айқындайтын Қытайдағы отбасы социологиясына сілтеме жасамаймыз. Керісінше, біз Қытайдағы отбасы жағдайына байланысты әлеуметтік өзгерістер тұжырымдамасы аясында жүргізілген зерттеулерге назар аударғымыз келеді. Себебі Қытайдағы неке және отбасы түсінігі реформалар мен ашық есік саясатына дейінгі кезеңмен салыстырғанда айтарлықтай өзгеріске ұшырады және әлі де ұшырауда, және де ол бүкіл қытай

халқының отбасылық өміріне үлкен әсер тигізіп отырғандығын көруімізге болады. Неке және отбасы саласын зерттеу шетелдік ғалымдарға қарағанда, қытайлық ғалымдардың өз ішінде қарқынды жүргізілуде. ҚХР Қоғамдық ғылымдар академиясының қызметкерлері бұл бағытта ауқымды ізденістер жасауда. Мысалы, Сюй Анчи, Ли Цзянсинь мен Юй Сюецзюнь сияқты ғалымдар тобы 2014 жылғы зерттеулерінде 2010 және 2012 жылдардағы Қытайлық отбасылық панельдік зерттеудің (CFPS – Chinese Family Panel Studies) бірінші және екінші толқындарының деректеріне сүйене отырып, қытайлық неке мен отбасының бес аспектісін сипаттап, жедел әлеуметтік өзгерістер аясындағы олардың сабақтастығы мен өзгерістеріне талдау жүргізді. Аймақтардың әркелкі дамуы мен әлеуметтік жіктелістің артуына байланысты ғалымдар қытайлықтардың некелік мінез-құлқындағы елеулі аймақтық және әлеуметтік жіктер арасындағы айырмашылықтарды анықтады. Авторлардың пікірінше, дамыған және модернизацияланған провинциялар мен қалаларда отбасылық өзгерістер айтарлықтай орын алса, ал артта қалған провинциялар мен ауылдық жерлерде неке мен отбасы дәстүрлі сипатын сақтап қалған. Тағы бір қытайлық ғалым Ли Хао (2022) да Қытайлық отбасылық панельдік зерттеудің мәліметтерін пайдалана отырып, өз еңбегінде отбасылық мәдениет неке тұрақтылығымен тікелей байланысты екендігін көрсетеді. Қытайдың отбасылық мәдениетінің некедегі ролін қарастырған ғалым біздің әлеуметтік ережелер мен отбасылық үйлесімділікті сақтап отыратын әлеуметтік-мәдени күштер туралы білімімізді толықтыра түсті. Шанхай Қоғамдық Ғылымдар Академиясының ғалымы Лю Вэнрон (2016) да осы панельдік зерттеу мәліметтеріне сүйене отырып, адамдар теңдік, бостандық және демократия сияқты қасиеттерді ұстана отырып, некелік қатынастардағы жеке дербестікке назар аударумен қатар, әдеттегідей өз-өзін жетілдіруге ерекше мән береді.

Сюй Анчи мен оның әріптесі Ся Ян өз зерттеулерінде (2014) реформалар кезеңіндегі қытайлық отбасы құрылымының трансформациясын талдай келе, Қытайдың дәстүрлі үлкен отбасы өзінің маңызын толықтай жоғалтпағанын алға тартуда. Ғалымдар қазіргі таңда қытайлық отбасының құрылымы негізінен нуклеарлық болғанымен, белгілі бір кезеңдерде және жағдайларда бұл отбасылар үлкен отбасы формасына қайта өтіп жатады деген қорытындыға келеді. Авторлар өз еңбектерінде атап өткеніндей, «қытай

отбасылары құрылымының алуантүрлігімен, уақытша ұйымдасуымен, қарқынды трансформациясымен сипатталады» (Xu A., Xia Y., 2014:49).

З.Раджжай (2021) өз еңбегінде отбасын зерттеуде отбасыишілік қатынастар және оның модернизация жағдайында қалыптасып келе жатқан азаматтық қоғамның саяси және экономикалық салаларымен сыртқы байланыстары сияқты екі контексті қарастыруға болады деп есептейді. Автордың пікірінше, қазіргі Қытайда қатаң нарықтық әлеуметтік-экономикалық жағдайда отбасының рөлі барған сайын маңызды бола түсуде.

Отандық тарихнамада Қытайдағы неке-отбасы мәселесін қарастырған жұмыстар тіптен аз. Аталмыш тақырып аясында жасалған зерттеулер негізінен тууды шектеу саясатының нәтижелері мен салдарын зерттеуге ғана арналған. Дегенмен, реформалар кезеңіндегі Қытайдағы неке және отбасы институты отандық шығыстануда кешенді ғылыми талдаудың нысаны ретінде қарастырылмаған.

Нәтижелері және талқылама

Қытайдың отбасы-неке қатынастарының модернизациясы XIX ғасырдың екінші жартысында елдің сыртқы әлемге ашылуы мен заманауи өнеркәсіп өндірісінің дамуы нәтижесінде басталды. ҚХР-ның құрылуынан кейінгі, әсіресе өткен ғасырдың соңғы ширегі мен осы ғасырдың басындағы саяси және әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар бұл процесті айтарлықтай жеделдетіп, тереңдете түсті. Отбасы және неке институтының трансформациясы – қоғам үшін салдары оңды да, теріс те болатын күрделі де қайшылықты құбылыс.

1949 жылға дейінгі Қытай отбасы экономикалық, саяси және құқықтық бірлік болды. Отбасы дәстүрлі қытайлық қоғамның негізгі ұяшығы болғандықтан, «фамилизм», басқаша айтқанда «ағайыншылдық, отбасышылдық», конфуцийшілдік мәдениеттің негізін құрап, әлеуметтік тұрақтылық пен қоғамдық тәртіпті реттеуде маңызды рөл ойнады. Қытайлық отбасы патрилокальды (ер адамның туған мекені) тұрғылықты жері мен рулық шығу тегі бойынша біріктірілген және патриархалдық билікке негізделген болатын. Егде жастағы ер адамдар, әсіресе әкелер бүкіл отбасын басқарып отырды. Дәстүрлі Қытайда жастардың көпшілігі ерте жаста отау құрып, некелердің басым көпшілігі ата-аналардың келісімімен қиылды. Отбасын құрудағы негізгі мақсаты ұрпақ жалғастығы,

дүниеге ұрпақ әкелу, әсіресе, үл әкелу. Әдеттегі қытайлық отбасы – бұл бірнеше ұрпақ бірге өмір сүретін, негізінен ер адамның тегі жағынан бірігетін ұйым. Ата-аналар өз балаларына, әсіресе ұлдарына қаржылық қолдау көрсетіп, қартайғанда қамқор болады деп арқа сүйейді. Көптеген қытайлар үшін патриархалды және патриархалдық, үлкен отбасы әлеуметтік қолдаудың негізі болып табылады (Qi Xu et al, 2014:33). Сонымен қатар, ұрпақтар арасындағы өзара қолдау көрсету қалалық жерлерге қарағанда ауылдық жерлерде басым екені айқын көрініс береді. (Liu, W. R,2016: 457)

1949 жылы Қытай Халық Республикасы (ҚХР) құрылғаннан бері дәстүрлі қытайлық неке мен отбасы айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Қытай үкіметінің 1950 жылы қабылдаған «Неке туралы» заңында ерікті некелерді ресми түрде заңдастырып, әйелдердің құқықтарын күйеуінің құқықтарымен теңестірді. 1970 жылдардың басында Қытай үкіметі халық санының өсімін реттеу үшін кеш неке және кеш туылу саясатын жүзеге асырып, ерлер мен әйелдердің алғашқы некеге түру жасын да айтарлықтай арттырды. Мысалы, 50-жылдары неке құру жасы ерлер үшін 20 жас, ал қыздар үшін 18 болса, жаңа заң бойынша ерлер үшін 23 жас, қыздар үшін 21 деп өзгертілді, ал көп кешікпей, тіптен ер балалар үшін – 25, ал 23 жас – қыздардың некеге түру жасы деп бекітілді (Xu Anqi et al, 2013). Алайда, бұл өзгерістерге қарамастан, дәстүрлі неке әлі де сақталды. 1980 жылдардың басында ажырасу, некеге дейін бірге түру және дәстүрлі емес некелік қатынастар және тағы басқа да түрлері сирек кездесетін (Qi Xu et al, 2014).

1978 жылы нарықтық экономикаға көшкеннен кейін маоизм дәуірінде құрылған қоғамдық ұйымдардың құлдырауы әлеуметтік тұрақтылық тұрғысынан отбасының рөлін күшейтті. Реформалар мен ашықтық дәуірінен бастап отбасын маңызды әлеуметтік топ ретінде қалпына келтіру мәселесі Қытайдың академиялық зерттеулерінде де баса айтылды. 1980 жылдардан бастап Қытай ғалымдары отбасын қоғамның ұяшығы (шэхуэй дэ сибэо 社会的细胞) деп атай отырып, отбасының әлеуметтік рөліне баса назар аудара бастады (Z.Rajkai, 2021). Дегенмен, кейбір ғалымдар Қытай отбасы модернизациясы батыстың индустриялық қоғамы үлгісінде жүзеге асырылады деп болжады. Өзгерістер – отбасының отбасы ретіндегі қызметінің, перзенттік парыз бен отбасылық ұжымшылдықтың әлсіреуі, сондай-ақ қарттарға күтім жасау мен көмек көрсету саласындағы туындауы ықтимал дағдарыс ретін-

де қарастырылды (Xu Anqi et al, 2014). Шынында да, әлеуметтік және экономикалық саладағы өзгерістер қытайлықтардың неке және отбасы туралы түсініктеріне, сондай-ақ отбасылық өмір тәжірибесіне әсер етті. Сондықтан, қытайлық отбасылардың әлеуметтік-экономикалық даму барысындағы трансформациясының өзіндік заңдылықтары мен траекториясы қалыптасты.

Қытай отбасындағы өзгерістердің негізгі себептерін қарастыра отырып, мынадай басты үшеуін атап көрсетуге болады: қарқынды экономикалық даму мен модернизация, баланың тууылуын бақылауға алуға байланысты орын алған демографиялық ауысу және неке мен отбасын құрудағы мемлекеттің рөлінің өзгеруі.

Жалпы жеке секторға мемлекет тарапынан қамқорлықтың айтарлықтай төмендегеніне қарамастан, реформалар мен ашықтық дәуірінде отбасын құру мәселесі әрқашан бақылауда болды. 1980-ші жылдары Қытай үкіметі «жоспарлы отбасы» саясаты аясында тарихтағы ең қатаң бала туу деңгейін бақылау науқанын бастады. Бұл туу көрсеткішінің күрт төмендеуіне және, тиісінше, отбасы көлемінің айтарлықтай қысқаруына әкеп соқты. «Бір бала» саясатын енгізу отбасының даму динамикасына тарихта бұрын-соңды болмаған кері әсер тудырды (Z.Rajkai, 2021). Бала тууды бақылаудың қатаң саясатының арқасында осы кезеңде туудың жалпы коэффициентінің (ТЖК) айтарлықтай төмендеуі байқалды. 1990 жылдардың басында ТЖК коэффициенті әлі де популяция деңгейінен жоғары болды, бірақ ол 2000 жылы 1,5-ке (Guo, 2004) және 2010 жылы 1,2-ге дейін күрт төмендеді (NBSC, 2012). «Бір бала» саясаты қалалық тұрғындар мен мемлекеттік қызметкерлерге қатысты қатаң бақылауда болды. Халықтың 70%-ы тұратын ауылды мекендерде бірінші баладан кейін 5 жыл өткен соң немесе бірінші бала қыз бала болған жағдайда екінші балаға рұқсат берілді (Miller J., Fang X., 2012). Аталмыш саясаттың назар аударатын теріс салдарының бірі Қытайда ерлер мен әйелдер санының қатынасының бұзылуы болды. «Бір бала» саясатын енгізбес бұрын Қытайда 1979 жылы ерлер мен әйелдер үлесінің қатынасы 1,06 құраса, 1988 жылы бұл көрсеткіш 1,11-ге дейін өсіп, 2001 жылы тіпті 1,17 көрсеткішіне көтерілді.

Бала тууды шектеу саясаты сонымен қатар қоғамда басты назар ата-анадан балаға ауысқан көзқарастың басымдылығына алып келді. «Кішкентай императорлар» феномені менталды денсаулығы төмен «ерке-тотай ұрпақтың» өсуіне себепші болды (Манухина О.В., 2007). Бұл саясат

2000 жылдардың аяғына дейін өзгеріссіз қалды да, кейіннен Қытайдың демографиялық құрылымының біртіндеп өзгеруіне байланысты «бір бала» саясатына сол кезде бірқатар өзгерістер енгізілді. Біріншіден, 2009 жылы саясат өзгеріп, күйеуі де, әйелі де жалғыз бала болған ерлі-зайыптыларға екінші балалы болуға рұқсат берілді. 2014 жылы бұл шектеу одан әрі жеңілдетіліп,

егер кем дегенде бір жұбайы отбасында жалғыз бала болса, екінші балалы бола алатын болды. 2016 жылы жалпы «бір бала» саясаты түпкілікті «екі бала» саясатымен алмастырылды. Заңнамалық жеңілдетудің осы топтамасының соңғысы 2021 жылдың мамырында ерлі-зайыптыларға үш балалы болуға мүмкіндік беретін «үш бала» саясатын енгізуі болды.

1-кесте



Дәстүрлі қоғамның заманауи қоғамға трансформациялануының классикалық жолы туу көрсеткішінің бір жұпқа екі балаға дейін табиғи төмендеуін қамтиды. Бұл экономикалық әл-ауқат жақсарғанда және баланың туылуын жоғарыдан арнайы еш бақылаусыз жүзеге асады. Осыған орай, қазіргі таңда жақында ғана енгізілген үш бала саясаты Қытайдың болашақта демографиялық мәселелерін шешеді деген үмітін ақтай ала ма деген ең маңызды мәселе түр. Өйткені, 2016 жылы екі бала саясаты аясында елде бала туу көрсеткіші оң нәтиже көрсеткенімен, кейінгі жылдары туу деңгейі қайтадан төмендеді. 2016 жылы соңғы 20 жылда жаңа туған нәрестелердің рекордтық саны тіркелді – 17, 8 миллион (<https://ruchina.org/naselenie-kitaya.html>). Алайда, 2015 жылы жүргізілген сауалнамаға сәйкес, отбасылардың 60%-ы қаржылық қиындықтарға байланысты екінші бала тууды жоспарламайды. Бұрынғы бір балаға ғана рұқсат беретін заң бүгінде жас жұбайлар үшін квазимәдени нормаға айналды деген алаңдаушылық бар. Қытай үкіметі отбасылық өмірге араласуын айтарлықтай азайтты.

Модернизация теориясы тұрғысынан алып қарайтын болсақ, орасан зор әлеуметтік және экономикалық өзгерістер қытайлық некелер мен отбасыларын дәстүрден алшақтататын қуатты күш қалыптастырды деп айтсақ болады. Статистикалық көрсеткіштерге негізделсек, 1992 жылдан бастап Қытайдың нақты жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) орта есеппен алғанда 9 пайызға өскенін көруге болады (NBSC, 2012). Оның үстіне Қытай 2003 жылы Дүниежүзілік Сауда Ұйымына (ДСҰ) кіргеннен бері мемлекеттің басқа елдермен экономикалық қарым-қатынастары әлдеқайда тығыз болып, қытайлықтардың батыстық мәдени өнімдер мен құндылықтармен танысу мүмкіндігі көбейді. Осылайша, қоғамда неке мен отбасы құндылықтарына, олардың қоғамда алар орнына деген көзқарас та біршама өзгерді.

1990 жылдарға қарай Қытай өзінің бірінші демографиялық алмасу кезеңін аяқтады. Оған сәйкес Қытай жоғары туылу және жоғары өлім көрсеткіші деңгейінен, туылу деңгейі төмен, сәйкесінше өлім-жітім көрсеткіші төмен кезеңге өткен еді. Ендігі кезекте Қытай екінші де-

мографиялық ауысу қарсаңында тұр. Бірқатар әлеуметтанушылардың пікірі бойынша, екінші демографиялық ауысу бұл – некесін қимай тұрып бірге тұру, ажырасу және некесіз бала туу сияқты дәстүрлі емес отбасылық тәжірибелердің көбеюімен байланысты әлеуметтік тенденция (Xie, 2011). Чи Сюй әріптестерімен бірге жасаған зерттеуінде (2014) білім мен некеге дейін бірге тұру арасындағы байланысты қарастырып өтеді. Білім әрқашан модернизация үшін жанама мәлімет ретінде пайдаланылатындықтан, олар өздерінің модернизация гипотезасын сынады. Олардың зерттеуіне сәйкес, білімі жоғары жұптар арасында некеге дейін бірге тұру жағдайы көп кездеседі. Сауатсыз жұптар арасында некеге дейін бірге тұру көрсеткіші шамамен 4-5 пайызды ғана құраса, жоғары білімді жұптар арасында азаматтық некеде тұратындар шамамен 25 пайызды құрайды. Олар білім берудің қарқынды дамуын ескере отырып, болашақта некесіз бірге тұру кең таралуы мүмкін деген болжам жасайды (Qi Xu et al, 2014). Сю Аньчидің әріптестерімен бірге жүргізген зерттеуіне сәйкес, некелеспей тұрып бірге тұруды қолдамайтындар – 36 жасқа дейінгі жастағы адамдардың 65%-ы, ал 35 пен 55 жас аралығындағы адамдардың 68%-ы және 55 жастан асқан адамдардың 75%-ы құрады (Xu Anqi & Ye Wenzhang, 1999). Осыған ұқсас тақырыптағы Сю Аньчидің өз әріптестерімен жүргізген тағы бір зерттеуінде сауалнамаға қатысушылардың жартысы, егер ерлі-зайыптылар үйленуді жоспарласа, онда бірге тұруға болады деген тұжырыммен 51% келіссе, 25% келіспеді (Xu Anqi et al, 2013:149). «Неке құрмай тұрып бірге тұру екі жұптың бір-бірін жақсы түсінуіне, жарасымды жұп болып ары қарай өмір сүре алатындығын айқындауға көмектеседі» дегендер 22,7%-ы құраса, 61,6% бұл пікірмен келіспейді. Сондай-ақ бірге тұру некеге қарағанда қауіпсіз емес дегендер саны 77,7 % құрады (Xu Anqi et al, 2013:150). Бұл сауалнама жауаптарында гендерлік айырмашылықтар да болды.

Дәстүрлі қытай мәдениетінде идеалды отбасы формасы бірге өмір сүретін бірнеше ұрпақтары бар кеңейтілген немесе бірлескен отбасы болып табылады (Chu et al, 2011). Дегенмен, көптеген зерттеулер нәтижесі бұл дәстүрлі отбасы үлгісінің қазіргі Қытай қоғамына сәйкес келмеуі мүмкін екенін көрсетуде. Соңғы жиырма жыл ішінде Қытайда экономиканың қарқынды дамуы, соның ішінде мәдени құндылықтарға қатысты ашықтықтың артуы, туу деңгейінің күрт төмендеуі және көші-қонының үдеуі сияқты ауқымды әлеуметтік, экономикалық және де-

мографиялық өзгерістер орын алды. Осыншама елеулі өзгерістерден кейін қазір Қытайдағы отбасы құрылымы қандай деген заңды сұрақ туындайды. Отбасыларды құрылымдық күрделілік дәрежесіне қарай жіктеу үшін ғалымдар көбінесе отбасыларды бірнеше түрге бөледі. Алдыңғы зерттеулердің мысалдарын қарастыра отырып, қытайлық отбасыларды келесі санаттарға бөлуге болады: бір адамнан тұратын отбасы, жалғыз жұп отбасы немесе қос табысы бар және баласыз (double income and no kid – DINK) отбасылар, толық емес отбасылар, стандартты нуклеарлы отбасы, негізгі отбасы, бірлескен отбасы және басқа отбасылар. Егер ата-анасы некеде тұрып, жалғыз үйленген баласы болса, онда бұл – негізгі (өзек) отбасы болып саналады. Негізгі отбасында үйленген баланың өз балалары болуы да, болмауы да мүмкін. Егер отбасында некеде тұрған бала мен оның жұбайы тұрмаса, бірақ олардың балалары атасы мен әжесімен бірге тұрса, мұндай отбасы да негізгі (өзек) отбасы болып саналады. Бірнеше ерлі-зайыпты ағайындылар бірге тұрса, бұл ортақ немесе бірлескен отбасы деп саналады. Бірлескен отбасы деп, әдетте бір немесе бірнеше ерлі-зайыпты ағайындылар бір үйде қарт ата-аналарымен бірге тұратын отбасын айтады. Олардың өз балалары болуы да, болмауы мүмкін. Жалпы алғанда, CFPS деректеріне сәйкес, Қытайдың барлық провинциялары мен аймақтарында нуклеарлы отбасылар ең үлкен үлесті құрайтынын көрсетеді. Негізгі отбасылар екінші орында, жалғызбасты отбасылар үшінші орында, ал бірлескен және басқа отбасылардың үлесі өте аз. Бір адамнан және бір жұптан тұратын отбасылар ауылдық жерлерге қарағанда қалалық жерлерде жиі кездеседі. Керісінше, дәстүрлі қытайлық отбасы формасы болып саналатын – негізгі (өзек) отбасылардың саны дамуы жағынан артта қалған, кедей провинциялар мен аудандарда әлдеқайда жоғары. Қытайда баласыз отбасы (DINK) тенденциясы кең таралған және баласыз жұптардың үлесі 1979-1989 жылдар аралығында 2- 3 %-дан (Ding et al, 2001:277) 4,8 % (1982), 1990 жылдары 8,3 %-ға, 18,5 %-ға (2010) дейін өсті (З. Раджккай, 2021).

Қытайлық нуклеарлы отбасылардың батыстық отбасылардан айырмашылығы, олар кеңейтілген отбасы мүшелерімен тұрақты түрде қаржылық қолдау көрсетіп, физикалық, эмоционалдық және барлық жағынан өзара тығыз байланыста болуында. Қытайлық нуклеарлық отбасылардың ерекшелігін мәдени және әлеуметтік тұрғыдан түсіндіруге болады. Біріншіден, бала күтімінің қымбаттығы сияқты экономика-

лық проблемалар жас отбасылардың ата-анасынан көмек сұрауына мәжбүр етеді. Екіншіден, бір ғана баланың болуы баланың қауіпсіздігіне алаңдаушылықты арттырады. Жалғыз баланың ата-анасы баласының отбасы мүшелерінің қаморлығында және ата-әжесінің қарауында болған жағдайда ғана өздерін еркін сезіне алады. Үшіншіден, ата-әжелер немерелерін бағып-қағуды әдетке айналдырған. Сондықтан, нуклеарлы отбасы белгілі бір дәрежеде және белгілі бір жағдайларда уақытша үлкен отбасы ретінде де сипатталуы мүмкін. Әлеуметтік өзгерістер кезіндегі қытайлық отбасына тән белгілер ретінде келесілерді атауға болады – балаға бағытталушылық, өзгермелілік және алуандылық (Ху Аңқи, Хуе Үәли, 2016). Осыған сүйене отырып, отбасын қайта құру процесі өзгермелі және серпінді болып келеді деген қорытынды жасауға болады. Басқаша айтқанда, жаңадан пайда болған отбасы түрлері – бұл қытайлықтардың өздерінің қажеттіліктері мен жағдайларына сәйкес таңдаған өмір сүру формалары. Ересек балала-

рымен бірге тұратын егде жастағы адамдардың үлесі 1990 жылдан бері айтарлықтай төмендеді. Олар көбінесе жалғыз немесе жұбайларымен бірге тұрады. Осыдан, қарқынды экономикалық дамудың туу деңгейінің күрт төмендеуімен және халықтың көші-қонымен бірге егде жастағы қытайлардың дәстүрлі өмір салтын да айтарлықтай өзгерткенін көреміз. Отбасы құндылықтары мен қарым-қатынастарына адамның экологиялық жүйелеріндегі жұмыс, баспана, бала тәрбиесі, денсаулық сақтау, қарттарға күтім жасау, білім беру және т.б. сияқты ауқымды өзгерістер әсер етті. Қытай халқы жар таңдауда және некесіне қанағаттанушылықта үлкен еркіндікке ие. Салдарынан ажырасулар саны да артып келеді. Индивидуализмге аса ерекше мән берілгендіктен, әсіресе, отбасындағы жалғыз балалар арасындағы асқынып тұрған өзімшілдік, балалық парызды ұмыттырады деген қауіпті де жоққа шығармайды. Дегенмен, отбасылық ұжымшылдық әлі де қажет және жоғары бағаланады (Ху Аңқи et al, 2014).

2-кесте



Соңғы жылдары қытайлық отбасына тән құбылыстың бірі – ажырасулар санының күрт өсуі. Азаматтық істер министрлігі мен Ұлттық статистика бюросы тек 1979 жылдан бері сәйкес неке статистикасына ие болғандықтан, біз соңғы жылдардағы ажырасу деңгейі мен оның өзгеру тенденцияларын сипаттап және талдай аламыз. Қытайдағы ажырасу деңгейі 1979

жылы 0,3% болса, ал 1990 жылы 0,7 % дейін өсті. Кейін кішкене тұрақтанғанымен, 2000 жылы ажырасу деңгейі шамамен 1,0 % болды, бұл 1979 жылмен салыстырғанда үш есеге көп (Ху et al, 2002). Сәйкесінше ажырасулар коэффициенті де 1978 жылғы 0,33%-дан 2015 жылы 2,79%-ға дейін өсті (Ли Нәо, 2022). Ұлттық статистика бюросының мәліметтері бойынша,

Қытайдағы ажырасудың деңгейі 2018 жылы 10,37%-ға дейін өскен.

Алайда ажырасудың жалпы коэффициенті халықтың құрылымына, алғашқы некеге тұру жасына және басқа да түрлі факторларға тәуелді болғандықтан, оны неке тұрақтылығының сенімді көрсеткіші ретінде қарастыруға болмайды. Қытайда ажырасулар саны жұптардың некені бұзу үшін өздерінің жұмыс берушілерінен рұқсат хат алу талабын жойған жаңа заң шыққан соң, яғни 2003 жылдың қазан айынан бері күрт өсімді көрсетуде. Дегенмен ажырасулардың Қытайдағы жағдайы Батыс елдеріндегідей қатты шиеленіспеген. Соңғы

жылдары Қытайда жас буын арасында ажырасу деңгейінің артуын келесідей факторлармен түсіндіруге болады. Біріншіден, әйелдердің білім деңгейінің артуы мен олардың еңбек нарығына белсенді қатысуы отбасындағы дәстүрлі гендерлік рөлдер бөлінісінің әлсіреуіне алып келді. Әйелдер экономикалық тұрғыдан көбірек тәуелсіздікке ие болуда. Екіншіден, қоғамның ажырасу мен қайта некелесу мәселесіне деген көзқарасының өзгеруі жеке тұлғаның дәрежесін отбасы дәрежесінен әлдеқайда жоғарылатты. Үшіншіден, жұп таңдаудың әртараптануы әлеуметтік нормалардың маңыздылығын төмендетті.

3-кесте



Қытай отбасының модернизациясы қоғамның ішкі дамуы мен оларға ықпал етуші сыртқы факторлардың әсерінің нәтижесі болып табылады және отбасы мен неке қатынастарының тұрақтылығына тән қиындықтары мен қатерлері бар жалпы әлемдік объективті және әмбебап сипатқа ие. Өзге саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайларда қалыптасқан дәстүрлер индустриалды қоғам мен жаһандану процестерінің тенденцияларына қарсы тұра алмайды. Дегенмен, отбасының эволюциясы нақты тарихи жағдайлар мен мәдени дәстүрлерді көрсететін белгілердің болуын жоққа шығармайтынын атап өткен жөн. ҚХР мен Конфуций мәдени аймағының басқа мемлекеттеріне қатысты мұндай ерекшеліктерге мемлекеттік патернализм, қоғамдағы туыстық байланыстардың маңызының жоғары болуы, отбасының ынтымағы, үлкендерге деген құрмет, балаларға деген

ерекше сүйіспеншілік жатады. Зерттеу көрсеткендей, соңғы онжылдықтарда отбасы мен неке туралы дәстүрлі идеялардың айтарлықтай жаңаруына қарамастан, облыс тұрғындары өздерінің мәдени және тарихи мұрасын құрайтын көптеген нәрселерге әлі де адал.

Қорытынды

Бүгінгі қытай отбасы заманауи ма, әлде дәстүрлі ме деп кесіп айтып, қорытынды жасау өте қиын. Қытай отбасыларының дамуы мен өзгеруі бірегей әлеуметтік, экономикалық және мәдени факторлардың және олардың өзара әрекеттесуінің әсерінен түрлі жолдардан өтіп, түрлі формаларды қалыптастырды. Қытай жастарының арасында некеге дейінгі бірге тұру жағдайының кең таралуы және негізгі немесе кеңейтілген отбасы түрінің азаюы сияқты кейбір аспектілерге қарап

отырып, қытай отбасының айтарлықтай өзгерістерге ұшырағанын көреміз. Бірақ кейбір жағынан ескі тәжірибелер сақталып, тіпті дәстүрлі формаға айналып бара жатқанын да байқауға болады. Бір сөзбен айтқанда, модернизация мен демографиялық өзгерістердің жылдам қарқыны жаңа тенденциялар мен ескі үлгілермен қатар өмір сүретін жаңа үрдістер негізінде «өтпелі» отбасын құруда. Ата-аналары мен үйленген ұлдары бірге тұратын дәстүрлі патрилокальды отбасы қазіргі уақытта жастар бөлек тұрғын үйлерде тұратын неолокальды отбасына жол беріп отыр. Осылайша, отбасы мен үй шаруашылығының көлемі кішірейіп барады.

Классикалық модернизация теориялары тұрғысынан Қытай батыс елдерінен анық көруге болатын модернизацияның желілік жолын емес, оның орнына ол осы заманға дейінгі, заманауи және постмодерндік сипаттағы аралас бейнені ұсынады. Мысалы, күшті перзенттік парызбен қатар дамып келе жатқан ұрпақтар арасындағы қарым-қатынастар осы заманға дейінгі кезеңге қайта оралуды көрсетеді, ал серіктес таңдау еркіндігі қазіргі заманғы Қытай отбасыларына тән сипат болып табылады. Керісінше, Қытайдың

қазіргі заманғы жалпы туу коэффициентінің (соңғы жиырма жылдықта 1,5 пен 1,6 арасында ауытқып отыр) халықтың популяция деңгейінен әлдеқайда төмен болуы, мемлекеттің жеке секторға тікелей араласуын тоқтатпаса да, отбасының постмодерндік бейнесін көрсетеді.

Бұл Қытайдағы модернизация уақытының тым қысқа болуымен және әртүрлі қауіптердің үлкен ауыртпалық әкелуімен түсіндіріледі. Дегенмен, қазіргі Қытай әлеуметтік ғылымдар үшін отбасы әлеуметтік жауапкершілік пен тұрақтылық үшін маңызды рөл атқаратын, жана заманауи жанұя түрімен сипатталатын модернизацияның әртүрлі жолдарын жақсырақ түсінуге мүмкіндік беретін жаңа перспективалар ұсынады.

Қаржыландыру

Бұл жұмыс ҚР БЖҒМ ҒК гранттық қаржыландыруымен АР19677768 «Шығыс елдері дамуының конфуцийлік моделінің прагматикалық тәжірибесі: Қытай, Жапония, Сингапур, Оңтүстік Корея» ғылыми жобасы аясында орындалды.

Әдебиеттер

- Манухина О.В. Трансформация взглядов на рождение и воспитание детей в Китае в период политики реформ и открытости // Проблемы Дальнего Востока 2007, №4. С. 140-149.
- James, M. Raymo, Hyunjoon Park, Yu Xie, Wei-jun Jean Yeung (2015). Marriage and Family in East Asia: Continuity and Change, *Annual Review of Sociology*, 41:1, p.471-492
- John K. Miller, Xiaoyi Fang (2012). Marriage and Family Therapy in the People's Republic of China: Current Issues and Challenges, *Journal of Family Psychotherapy*, 23:3, p.173-183. DOI: 10.1080/08975353.2012.705626
- Население Китая в 2024 году /<https://ruchina.org/naselenie-kitaya.html>
- Li Hao (2022). The power of family: The impact of family culture on marriage stability in China, *Chinese Journal of Sociology*, Vol. 8(1). p. 79–103
- National Bureau of Statistics of People's Republic of China (NBSC) (2012). *China Statistical Yearbook*. Beijing: China Statistics Press.
- Liu, W. R. Attitudinal changes and trends of marriage and family in today's China/ (2016) p. 456-469
- Qi Xu, Jianxin Li, Xuejun Yu (2014). Continuity and Change in Chinese Marriage and the Family, *Chinese Sociological Review*, 47:1, p.30-56, DOI: 10.2753/CSA2162-0555470102
- Wu Yanjin, Óscar Fernández-Álvarez & Miguel González-González (2023). Disorderly freedom: Changes in family relations in rural China, *Cogent Social Sciences*, 9:1, DOI: 10.1080/23311886.2023.2177396
- Xu Anqi, Liu Wenrong, Zhang Liang, Xue Yali (2013). Family Values in Transitional China: a Comparative Perspective, Shanghai Academy of Social Sciences Press, – P-251. (In Chinese)
- Xu Anqi, Xia Yan Ruth (2014). The Changes in Mainland Chinese Families During the Social Transition: A Critical Analysis. *Journal of Comparative Family Studies*, Volume XLV, No 1, p.31-56
- Xu Anqi, Ye Wenchen (2002). A research report of Chinese marriages. Chinese Academy of Social Sciences Press.- 339 p. (In Chinese)
- Xu Anqi, Ye Wenchen (1999). Studies on the Chinese marital quality. Beijing Chinese Academy of Social Sciences Press.- 394 p. (In Chinese)
- Xu, Anqi, Xue, Yali (2016). "Family Structure." In: Xu Anqi, John DeFrain, Liu Wenrong (eds.) *The Chinese Family Today*. London and New York: Routledge, p.14–58. <https://doi.org/10.4324/9781315642611>
- Yang R., Neal A. G. (2006). The Impact Of Globalization On Family Relations In China. *International Journal of Sociology of the Family*, 32(1), Pp113–126.
- Ding Wen, Xu Qinling (2001). Great changes in contemporary Chinese families (In Chinese). Shandong University Press □-P-418.

Zsombor Rajkai (2021) The Role of Family in Modern China: A Blended Compressed Transformation of the Private and Public Spheres, *Journal of East Asian Cultures* 2021/1: 241–254, DOI: 10.38144/TKT.2021.1.15

References

- Manukhina O.V. Transformatsiya vzglyadov na rozhdeniye i vospitaniye detey v Kitaye v period politiki reform i otkrytosti // *Problemy Dal'nego Vostoka* 2007, №4. S. 140-149.
- James, M. Raymo, Hyunjoon Park, Yu Xie, Wei-jun Jean Yeung (2015). Marriage and Family in East Asia: Continuity and Change, *Annual Review of Sociology*, 41:1, p.471-492
- John K. Miller, Xiaoyi Fang (2012). Marriage and Family Therapy in the People's Republic of China: Current Issues and Challenges, *Journal of Family Psychotherapy*, 23:3, p.173-183. DOI: 10.1080/08975353.2012.705626
- Naseleniye Kitaya v 2024 godu /<https://ruchina.org/naselenie-kitaya.html>
- Li Hao (2022). The power of family: The impact of family culture on marriage stability in China, *Chinese Journal of Sociology*, Vol. 8(1). p. 79–103
- National Bureau of Statistics of People's Republic of China (NBSC) (2012). *China Statistical Yearbook*. Beijing: China Statistics Press.
- Liu, W. R. Attitudinal changes and trends of marriage and family in today's China/ (2016) p. 456-469
- Qi Xu, Jianxin Li, Xuejun Yu (2014). Continuity and Change in Chinese Marriage and the Family, *Chinese Sociological Review*, 47:1, p.30-56, DOI: 10.2753/CSA2162-0555470102
- Wu Yanjin, Óscar Fernández-Álvarez & Miguel González-González (2023). Disorderly freedom: Changes in family relations in rural China, *Cogent Social Sciences*, 9:1, DOI: 10.1080/23311886.2023.2177396
- Xu Anqi, Liu Wenrong, Zhang Liang, Xue Yali (2013). Family Values in Transitional China: a Comparative Perspective, Shanghai Academy of Social Sciences Press, – P-251. (In Chinese)
- Xu Anqi, Xia Yan Ruth (2014). The Changes in Mainland Chinese Families During the Social Transition: A Critical Analysis. *Journal of Comparative Family Studies*, Volume XLV, No 1, p.31-56
- Xu Anqi, Ye Wenchen (2002). A research report of Chinese marriages. Chinese Academy of Social Sciences Press.- 339 p. (In Chinese)
- Xu Anqi, Ye Wenchen (1999). Studies on the Chinese marital quality. Beijing Chinese Academy of Social Sciences Press.- 394 p. (In Chinese)
- Xu, Anqi, Xue, Yali (2016). "Family Structure." In: Xu Anqi, John DeFrain, Liu Wenrong (eds.) *The Chinese Family Today*. London and New York: Routledge, p.14–58. <https://doi.org/10.4324/9781315642611>
- Yang R., Neal A. G. (2006). The Impact Of Globalization On Family Relations In China. *International Journal of Sociology of the Family*, 32(1), Pp113–126.
- Ding Wen, Xu Qinling (2001). Great changes in contemporary Chinese families (In Chinese). Shandong University Press □-P-418.
- Zsombor Rajkai (2021) The Role of Family in Modern China: A Blended Compressed Transformation of the Private and Public Spheres, *Journal of East Asian Cultures* 2021/1: 241–254, DOI: 10.38144/TKT.2021.1.15

Авторлар туралы мәлімет:

Алдабек Нұржамал Әбдіразаққызы (корреспондент авторы) – тарих ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қытайтану кафедрасының профессоры (Қазақстан, Алматы қ., электрондық пошта: aldabek.nurzhamal@gmail.com);

Түргенбай Айнұр Абдулганиқызы – PhD докторанты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қытайтану кафедрасының аға оқытушысы (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: turgenbayaa@mail.ru).

Асыл Мөлдір Бақытжанқызы – PhD докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қытайтану кафедрасының оқытушысы (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: monikaassyl@gmail.com).

Information about authors:

Aldabek Nurjamal Abdrazakkyzy (corresponding author) – Doctor of Historical Sciences, Professor of the Department of Chinese Studies al-Farabi KazNU (Kazakhstan, Almaty, e-mail: aldabek.nurzhamal@gmail.com);

Turgenbay Ainur Abdulganikyzy – PhD doctoral student, senior lecturer of the Department of Chinese Studies al-Farabi KazNU (Kazakhstan, Almaty, e-mail: turgenbayaa@mail.ru).

Assyl Moldir Bakhytzhanikyzy – PhD, lecturer of the Department of Chinese Studies al-Farabi KazNU (Kazakhstan, Almaty, e-mail: monikaassyl@gmail.com).

Келін түсті: 28 желтоқсан 2023 жыл
Қабылданды: 27 тамыз 2024 жыл